

"Орталық Азия Ынтымақтастығы" ұйымына мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 19 ақпандағы N 42-ө өкімі

"Орталық Азия Ынтымақтастығы" ұйымының шеңберінде ынтымақтастықты дамыту және "Орталық Азия Ынтымақтастығы" ұйымына мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысын дайындау және 2004 жылғы 20-21 ақпанда Алматы қаласында өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

"Орталық Азия Ынтымақтастығы" ұйымына мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысын (бұдан әрі - отырыс) дайындау және 2004 жылғы 20-21 ақпанда Алматы қаласында өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін;

отырысты өткізуге, соның ішінде ресми делегациялар мүшелерінің қонақүйде тұруына 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 283 176 (екі жүз сексен үш мың бір жүз жетпіс алты) теңге сомасында қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) ресми делегациялар мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі отырысты бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп Қырғыз Республикасының, Тәжікстан Республикасының және Өзбекстан Республикасының Сыртқы істер министрлерінің арнайы ұшақтарының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін және Алматы қаласының әуежайына қонуын және ұшып шығуын;

Алматы қаласының әуежайында арнайы ұшақтарға техникалық қызмет көрсетуді, олардың тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласының әкімі ресми делегацияларды күтіп алу мен шығарып салу, Алматы қаласының әуежайы мен көшелерін безендіру, мәдени бағдарламаны, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің атынан ресми

қабылдауда концерттік бағдарламаны ұйымдастыру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

6. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК